



2020 жылы жекелеген лауазымдар мен кәсіптер бойынша орташа айлық атаулы жалақы



2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 1,4 млн. шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері (ШОК) белсенді жұмыс істейді, оның ішінде 770 мың ер адам-кәсіпкерлер, бұл ШОБ-тағы ерлердің үлесіне 56,7% тиесілі екенін білдіреді.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ерлер басқаратын ШОК қолданыстағы субъектілер саны



Ұлттық басқарушы холдингтердің басшыларын жынысы бойынша бөлу мынаны көрсетеді: 2020 жылы бірінші басшылар деңгейінде «Самұрық-Қазына» «Ұлттық әл - ауқат қоры» АҚ - да 45 басшының ішінен - 32 ер адам, «Бәйтерек» «Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-да 9 басшының ішінен - 8 ер адам, «Зерде» «Ұлттық инфокоммуникациялық холдингі» АҚ-да барлық 4 басшы - ер адам.

2020 жылы Ұлттық басқарушы холдингтер мен компаниялардың басшылары арасындағы ерлердің үлесі



71,1%



88,9%



100%

Мемлекеттік басқару жүйесінде ерлердің өкілдігі мынадай: мемлекеттік әкімшілік қызметшілер арасындағы ерлердің үлесі 39,4 мың адамды немесе жалпы санының 44,5%-ын құрайды, мемлекеттік саяси қызметшілер деңгейінде ерлер жалпы санының 91,1%-ын құрайды.

2020 жылы мемлекеттік қызметшілердің саны



* Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің деректері бойынша

Соңғы сайлаудың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Парламентіне Сенат деңгейінде 39 ер депутат немесе жалпы санының 81,3% (барлығы 48 депутат), төменгі палатада - 72 ер депутат немесе жалпы санының 73,5% (барлығы 98 депутат) ұсынылды.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттары құрамының сипаттамасы



Сенат
81,3%
немесе
39 адам



Мәжіліс
73,5%
немесе
72 адам

Сізге толығырақ ақпарат қажет пе?

«Қазақстанның әйелдері мен ерлері» статистикалық жинағы шығарылды және «Ресми статистика»/«Жарияланымдар»/«Статистикалық жинақтар» бөлімінде орналастырылды. Жинақта халықтың демографиялық және әлеуметтік сипаттамалары, денсаулық сақтау, білім және ғылым, жұмыспен қамту және жұмыссыздық, қылмыс және мемлекеттік басқару бойынша гендерлік аспектіде деректер келтірілген.

«Пайдаланушыларға» бөлімінде «Гендерлік статистика» арнайы бөлімшесі бар, онда 2000 жылдан бастап динамикада ұлттық гендерлік көрсеткіштер жүйесінің барлық деректері орналастырылған.

Сіздің басқа да сұрақтарыңыз бар ма?

Өтініш, Орнықты даму мақсаттары статистикасы басқармасына хабарласыңыз:

Досанова Айнұр Сеидғалиқызы
Басқарма басшысы
Тел. 8 7172 751625
E-mail: ai.dosanova@aspire.gov.kz

Біздің мекенжайымыз:

010000, Қазақстан Республикасы
Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел, 8
Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
Ақпараттық қызмет: +7 749010, 749011
Факс: +7 7172 749546
E-mail: e.stat@aspire.gov.kz
Интернет-ресурсы: <http://www.stat.gov.kz>



Таралымы: 300 дана



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

www.stat.gov.kz

Қазақстандық ерлердің заманауи портреті



Сіз білесіз бе...

- 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы халқының саны 18 879 552 адамды құрады, оның ішінде 9 160 399 немесе 48,5% ерлер
- Ерлердің басым көпшілігі Түркістан облысында 1 037,7 мың адам немесе республикадағы барлық ерлердің 11,3%-ы тұрады

Соңғы жылдары гендерлік тақырып өте өзекті және бүкіл әлемде кең таралған, ерлер мен әйелдер туралы статистикалық ақпарат олардың өмірінің әртүрлі аспектілерінде қызықты фактілерді анықтау тұрғысынан әрқашан қызығушылық тудырады.


Гендерлік теңдік әлеуметтік функцияларды орындау кезінде жыныстық тегіне қарамастан әйелдер мен ерлердің ресурстар мен игіліктерге тең дәрежеде қол жеткізуі.

Әйелдер мен олардың мәселелері туралы ақпаратты жиі ұсыну әдетке айналған, бірақ бұл бүкіл бәздің замандасымыз – қазақстандық ер адамның статистикалық портреті ұсынылады.

Қазақстандық ерлер қандай екен? Соңғы статистикалық деректерді пайдалана отырып, қазақстандықтың орташа жасы – 30,2 жас, бұл ретте әйелдің орташа жасы сәл жоғары – 33,5 жас деп айтуға болады.

Дәстүрлі түрде әйелдерге қарағанда ер адамдар көп (100 қызға 105-106 ұл) туылады, бірақ олардың барлығы әртүрлі себептерге байланысты қартайғанға дейін өмір сүрмейді. Ерлер үшін күтілетін өмір сүру ұзақтығы 2020 жылы 67,1 жасты құрады, ал әйелдер арасындағы көрсеткіш 75,5 жасқа тең. Өмір сүру ұзақтығындағы гендерлік айырмашылық өте маңызды және 8,44 жасқа тең, бұл ерлердің, әсіресе еңбекке қабілетті жаста ерте өлуінің жоғары деңгейімен байланысты.

Туған кездегі өмір сүру ұзақтығының гендерлік айырмашылығы




Қазақстан Республикасы өңірлеріндегі ерлердің саны



Өңірлік бөліністе ерлердің санын қарастыра отырып, ерлердің басым көпшілігі Түркістан облысында - 1 037,7 мың адам (ерлер халқының жалпы санының 11,3%-ы) және ең азы Солтүстік Қазақстан облысында - 260,1 мың адам (1,4%) тұрады.

Жас қазақстандық ерлер отбасын құруды неғұрлым кеш кезеңге жиі кейінге қалдыруда, осыған байланысты некеге тұрудың орташа жасы біртіндеп артып келеді және соңғы 25 жыл ішінде 1996 жылғы 24,7 жасқа 2020 жылы 27,5 жасқа дейін өсті. Жас қазақстандық әйелдер де тұрмысқа шығуға асығар емес, ал некеге тұрудың орташа жасы 2020 жылы – 24,8 жасты құрады, ал 1996 жылы олар 22,2 жаста тұрмысқа шықты.

Өңірлер бойынша бұл көрсеткіш өзгеше, батыс және оңтүстік өңірлерде жас кезде некеге тұру үрдісі әлі де сақталуда, мысалы, Маңғыстау және Атырау облыстарында некеге тұрған ерлердің орташа жасы 26,2 жасты және 26,3 жасты құрайды, ал Түркістан облысы мен Шымкент қаласында қыздар тиісінше 22,9 және 23,6 жаста шығады. Сонымен қатар, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында некеге тұрған ерлердің орташа жасы 28,7 және 28,3 жасты, ал Солтүстік Қазақстан облысы мен Алматы қаласында қыздардың орташа жасы тиісінше 26,0 жасты және 26,1 жасты құрады.



Қазақстандықтардың денсаулығы туралы айтқанда, ерлер де, әйелдер де көбінесе тыныс алу органдарының ауруларына бейім екенін (тиісінше 2 397,7 мың және 1 935,4 мың жағдай), олар аурулардың жалпы санында неғұрлым жоғары үлес салмақты алатынын атап өтуге болады. Екінші орында ас қорыту органдарының аурулары (354,9 мың және 426,3 мың жағдай), келесі аурулар тізімінде - жазатайым оқиғалар, уланулар мен жарақаттар (298,3 мың және 222,1 мың жағдай) және қан айналымы жүйесінің аурулары (243,6 мың және 323,6 мың жағдай).


Соңғы 5 жылда қан айналымы жүйесі ауруларының (тиісінше 26,4%-ға және 20,5%-ға), инфекциялық және паразиттік аурулардың (25,3%-ға және 21,0%-ға), сондай-ақ ісіктердің (14,3%-ға және 8,3%-ға) өсуі байқалады.

Аурулардың негізгі кластары бойынша халықтың сырқаттануы

	2016	2017	2018	2019	2020
Әйелдер					
Барлығы	5 606 800	5 845 529	5 848 790	5 615 807	5 493 796
Қан айналымы жүйесінің аурулары	268 504	273 293	289 651	296 306	323 591
Жазатайым оқиғалар, улану және жарақат	259 412	260 050	230 757	229 704	222 145
Ісік аурулары	76 287	85 504	96 937	86 201	82 651
Тыныс жолдары органдарының аурулары	2 249 733	2 297 125	2 256 905	2 202 515	1 935 380
Ас қорыту органдарының аурулары	412 294	446 437	423 350	410 056	426 265
Жұқпалы және паразиттік аурулар	125 120	128 277	126 667	123 873	151 341
Басқа аурулар	2 215 450	2 354 843	2 424 523	2 267 152	2 352 423
Ерлер					
Барлығы	4 495 467	4 597 691	4 600 918	4 532 216	4 589 245
Қан айналымы жүйесінің аурулары	192 809	194 901	213 930	224 241	243 649
Жазатайым оқиғалар, улану және жарақат	353 098	351 297	312 905	310 947	298 319
Ісік аурулары	34 327	35 696	39 759	44 021	39 222
Тыныс жолдары органдарының аурулары	2 146 478	2 179 739	2 188 172	2 100 748	2 397 672
Ас қорыту органдарының аурулары	339 948	368 490	365 999	370 785	354 865
Жұқпалы және паразиттік аурулар	114 813	115 872	117 301	116 891	143 846
Басқа аурулар	1 313 994	1 351 696	1 362 852	1 364 583	1 111 672

Халықтың репродуктивті денсаулығын қарастыра отырып, несеп-жыныс жүйесі ауруларының жалпы санының (1 293,2 мың адам) 23,5%-ы (303,6 мың адам) ерлерге тиесілі екенін атап өткен жөн. Оның ішінде ең көп үлесін қуықасты безі аурулары – 20,0% (60,8 мың), бүйрек және несеппағар тастары – 4,3% (13,2 мың) және бүйрек жеткіліксіздігі – 2,7% (8,2 мың) алады. Бедеулік диагнозы 1,4 мың ер адамға қойылған, ал әйелдер арасында 16,2 мың жағдай диагноз анықталды.

2020 жылы 18 және одан жоғары жастағы тұлғалардың репродуктивті денсаулығына әсер ететін несеп-жыныс жүйе аурулары




Қазақстандық ерлердің білім әлеуеті айтарлықтай жоғары, соңғы халық санағының қорытындысы бойынша 15 жас және одан жоғары жастағы ерлердің сауаттылық деңгейі 99,8%-ды құрады. 23,9% ерлердің техникалық және кәсіптік (орта арнайы) және 17,8%-жоғары білімі бар, 12,3 мың ер адамның ғылыми дәрежесі бар.

Егер орта, техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінде ерлер білім алуды контингенттің жартысынан көбін (2020 жылы 50,5-тен 52,6%-ға дейін) иеленсе, онда білім берудің неғұрлым жоғары сатыларында олар азаяды, бұл ішінара ерлердің еңбек нарығына тартылуына байланысты.

Жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамы арасында ерлер айтарлықтай үлес алады. Мәселен, ғылым докторларының 57,4%-ы және профессорлардың 63,9%-ы ер адамдар. Әйелдер ғылым кандидаттары мен доценттер арасында көбірек орын алады, сөйкесінше 62,4% және 57,4%.


2020/2021 оқу жылының басындағы жоғары оқу орындарындағы профессорлық-оқытушылық құрам арасындағы ғылым докторлардың саны



Еңбек нарығында да ерлер көшбасшылық орындарды иеленеді, жұмыс берушілер арасында ерлердің үлесі 54,5% – ды, ал жалдамалы қызметкерлер - 50,9% - ды құрайды.

Бұл ретте, жалданып жұмыс істейтін ерлердің басым бөлігі дәстүрлі «ерлер» салаларында: құрылыс, өнеркәсіп, ауыл, орман және балық шаруашылығы, көлік және қоймалар салаларында жұмыс істейді.

2020 жылы экономикалық қызмет түрлері бойынша ірі және орташа кәсіпорындардағы қызметкерлердің саны



Ерлердің еңбекақысы таңдалған мамандығына және атқаратын лауазымына байланысты ерекшеленеді, 2020 жылы ең жоғары еңбекақы мынадай қызмет салаларында тіркелді: заң кеңесшісі (784 928 теңге), ұйым басшысы (618 208 теңге), мамандандырылған (өндірістік-пайдалану) бөлімшелердің (қызметтердің) басшылары (366 350 теңге).